## Тәрбие жұмысының мақсаты:

Оқушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту негізінде үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

## Міндеттері:

- Білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету;
- Қоғамға еңбегі сіңген тарихи тұлғалардың азаматтық, шығармашылық келбетін таныту;
- «Кітап оқу» бәйгесін ұйымдастыру арқылы оқушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру;
- Туған өлкенің тарихын, мәдениетін, дәстүрін терең зерделеуге тәрбиелеу;
- Отбасылық дәстүрлер, құндылықтар негізінде тәрбиелеу, бала тәрбиесіндегі отбасының ролін арттыру;
- Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- Балалардың заңды мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз ету;
- Білім алушыларды кемсітушілікке жол бермеу.

Күтілетін нәтиже:

- Білім алушылардың адами әлеуеті қалыптасып, адамгершілігі қалыптасады;
- Кітап оқуға құмар балалар саны артады;
- Туған жерге жауапкершілікпен, аялап қарау мәдениеті қалыптасады;
- Ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі артады.
- Үйлесімді дамыған оқушы бейнесі қалыптасады.

## Түсінік хат

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы басымдықтар білім алушылардың әл ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IY Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы27 шілдедегі № 319 Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

**Амангелді орта мектебінің 2021-2022 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы**

2021-2022 оқу жылындағы мектептің тәрбие жұмысының мақсаты бір оқу жылына негізделіп алынды.
**Тәрбие жұмысының мақсаты:** Білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қалыптастыру мақсатында жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, жан-жақты, үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- ✓ Білім алушыларда қоғамға қайшы келмейтін мінез құлық мәдениетін қалыптастыру;
- ✓ Білім алушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасын жүзеге асыруға қатыстыру;
- ✓ Қоғамға еңбегі сіңген тарихи тұлғалардың азаматтық, шығармашылық келбетін таныту;
- ✓ Оқушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру мақсатында «Кітап оқу» бәйгесін ұйымдастыру;
- ✓ Туған өлкенің тарихын, мәдениетін, дәстүрін терең зерделеуге тәрбиелеу;
- ✓ Отбасылық дәстүрлер, құндылықтар негізінде тәрбиелеу, бала тәрбиесіндегі отбасының ролін арттыру;
- ✓ Білім алушылар арасында кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жетілдіру;
- ✓ Балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

| Бағыттары | S күшті жақтары | W әлсіз жақтары | О мүмкіндіктері | Т қауіп қатері |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие | Тәрбие жұмысының негізгі басымдылығы бойынша осы бағытта жалпы сынып жетекшілер үнемі сынып сағаттар, ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Сыныптан тыс шаралар да жүйелі өткізіліп отырды. | Жоғары сыныптар арасында біріккен түрде мектепішілік шаралардың аз өткізілуі. Құқық бұзушылықтың алдын алуда учаскелік полиция инспекторымен байланыстың төмендігі. | 5-11 сыныпқа дейін осы бағытта мектепішілік сайыстар, байқаулар ұйымдастыру және оны әлеуметтік желі арқылы жариялай отырып мектептегі тәрбие жұмысының мониторинг жасап отыру қажет. | Бойларында патриоттық сезімдері дұрыс қалыптаспаған, құқық бұзушылыққа бейім оқушылар қатары көбеюі мүмкін. |
| Рухани-адамгершілік тәрбие | Сынып жетекшілердің, пән мұғалімдерінің шығармашылық бағытының | Өткізілген сынып сағаттар, сыныптан тыс шараларға | Мұғалімдердің басым бөлігі рухани тәрбиені ең бірінші | Тәрбиелік жұмыстар өз деңгейінде ұйымдастырылмаса, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | болуы, өскелең жас ұрпаққа рухани тәрбиенің басым болуы. Тәрбиелік шаралардың осы бағытта көп өткізілуі. | ықпалының төмендігі. | сыныптағы жұмыстарын нәтижелі көрсете білсе оқушыларымыздың интелектуалды тұлға ретінде қалыптасуы жолға қойылады. | жұтаң ұрпақ өсуі ықтимал. |
| Ұлттық тәрбие | Ұлттық тәрбиеге байланысты шаралардың жүйелі сапалы өткізіліп отыруы. Ұлттық тәрбиені дәріптеудегі сынып жетекшілердің ықпалының күштілігі. Уақытылы өз деңгейінде өткізілуі. Мысалы «Наурыз мерекесіне» байланысты сыныптан тыс шаралар, тәрбие сағаттардың жоғары дәрежеде, ата-аналардың қатысумен өткізілуі. | Отбасындағы тәрбиенің өз дәрежесінде берілмеуі, ата-аналардың өз міндеттерінің басым бөлігін ұстаздарға артуы. Қоғам мәселесін үштік одақ бірігіп талқыламаудың әсері. | Дүйсенбі сайынғы алғашқы бірінші сабақ сынып сағаттарымен басталып, ұлттық сыныптар ашылса. Өткізілген шаралардың бөлігі ретінде ұлттық тәрбиеміз басымырақ болса. | Мемлекеттік тілге құрмет, ұлттық құндылықтарымыз жоғалып кетуі ықтимал. |
| Отбасы тәрбиесі | Ата-аналар жиналысына ата-аналардың көп келуі, кейбір сыныпта баланы үнемі қадағалап жетекшімен байланыс жасап отыруы, ата-ананың белсенділігі. | Ата-аналар балаларының тәрбие мәселесіне көңіл бөлмеулері, жұмыс бастылықты бірінші орынға қойып, назар аудармауында. Мектеп психологі, әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілердің | Әкелердің ролін арттыру, мектепішілік жиналыстардан тыс семинар, тренинг, марапаттау арқылы ата-ана ролін көтеру. Салтанатты жиындарда бірнеше ата-ананы марапаттау. Бала тәрбиесіне әкенің ықпалы зор | Отбасы тәрбиесінде үштік одақ бірлесіп жұмыс жасамаса, отбасының бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі төмендейді. |